



Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнаулы салық режимін қолдануға рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 21 қарашадағы № 994 қаулысы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі..

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 718-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнаулы салық режимін қолдануға рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 21 қарашадағы
№ 994 қаулысымен
бекітілген

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнаулы салық режимін қолдануға рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесі

Р/с №	ЭҚЖЖ	Қызмет түрлері
1	2	3
1.	01620	Мал шаруашылығына тән қызмет
2.	32200	Музыкалық аспаптар өндірісі
3.	43310	Сылақ жұмыстары
4.	43320	Ағаш шебері және ағаш ұстасы жұмыстары
5.	43330	Еден жабыны және қабырғаларды қаптау
6.	43340	Сырлау және шыны салу жұмыстары
7.	47992	Желілі маркетинг арқылы бөлшек сауда
8.	49320	Такси қызметі
9.	53200	Өзге де пошталық және курьерлік қызметі *
10.	56210	Тапсырыспен дайын тамақ жеткізу

11.	68201	Жеке меншік немесе жалға алынған тұрғын үйді жалға беру (қосалқы жалға беру) және басқару
12.	74200	Фотосурет саласындағы қызмет
13.	74300	Ауызша және жазбаша аударма қызметі
14.	75000	Ветеринариялық қызмет
15.	77290	Жеке тұтынатын өзге де заттарды және тұрмыстық тауарларды жалдау және олардың лизингі
16.	81211	Тұрғын үйлерді жалпы жинау
17.	82990	Басқа топтарға қосылмаған, қосымша коммерциялық қызмет көрсету бойынша өзге де қызметтер *
18.	85510	Спорт және демалыс саласында білім беру
19.	85520	Мәдениет саласындағы білім беру
20.	85599	Басқа топтамаларға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге қызмет
21.	90030	Көркем және әдеби шығармашылық
22.	95110	Компьютерлер мен шеткері жабдықтарды жөндеу
23.	95120	Коммуникациялық жабдықтарды жөндеу
24.	95210	Электронды тұрмыстық техниканы жөндеу
25.	95220	Тұрмыстық аспаптарды, үй және бау-бақша жабдықтарын жөндеу
26.	95231	Аяқ киім жөндеу
27.	95232	Табиғи және жасанды былғарыдан жасалған жол және галантерея бұйымдарын жөндеу
28.	95240	Жиһаздарды және интерьер заттарын жөндеу
29.	95251	Қолсағаттар мен өзге де сағаттарды жөндеу
30.	95252	Зергерлік бұйымдарды жөндеу
31.	95291	Трикотаж және тоқыма бұйымдарды жөндеу
32.	95292	Тігін бұйымдарын, бас киімдерді және тоқыма галантерея бұйымдарын жөндеу
33.	95293	Тері және былғары бұйымдары мен бас киімдерді жөндеу

34.	95294	Музыкалық аспаптарды жөндеу
35.	95295	Кілемдер мен кілем бұйымдарын жөндеу
36.	95296	Велосипед жөндеу
37.	95299	Басқа топтамаларға енгізілмеген жеке пайдаланатын өзге де заттар мен тұрмыстық тауарларды жөндеу
38.	96020	Шаштараздардың, сұлулық салондарының қызмет көрсетуі
39.	97000	Үй қызметшісін жалдайтын үй шаруашылықтарының қызметі
40.	98100	Өзіндік тұтынуы үшін тауарлар өндіру бойынша үй шаруашылықтарының қызметі

Ескертпе:

53200 * өзге пошта қызметін қоспағанда;

82990 * интернет-платформа арқылы көрсетілетін қызметтер бойынша ғана.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК